

АСТАНА ҚАЛАСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ

«43 қосымша білім беру
мектеп-орталығы» ШЖҚ МКК



АКИМАТ
ГОРОДА АСТАНА

ГКП на ПХВ «Школа-центр
дополнительного образования № 43»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

10.02.2025 № 19-Ш/К

№ _____

Заңсыз ақша жинауға тыйым салу туралы

«Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің
2025 жылдың 07 ақпандағы №243 бұйрығына
сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңының 9 – бабы негізінде:

1) Ата – аналардан (заңды өкілдерден) мыналар: жөндеу жүргізуге, құрал – жабдықтар мен жиһаздарды сатып алуға, мектепті жинауға, педагогикалық ұжымға сыйлықтар беруге, білім беру ұйымдарын аттестациялауға, әр түрлі мерекелік іс – шараларға және басқа да мақсаттарға ақша жинауға үзілді – кесілді тыйым салынсын;


2) педагогикалық ұжым және ата – аналар комитетінің мүшелері арасында мектептің, сыныптың, мерекелік іс – шаралардың қажеттіліктері үшін заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

3) заңсыз ақша жинауға жол берген директор орынбасарларына, есепшілеріне, сынып жетекшілеріне, мұғалімдеріне, шара қолданылсын;


4) ата – аналар мен оқушылар үшін: сынып жетекшілері және ата-аналар комитетінің мүшелері, мектептің, сыныптың мұқтажы үшін заңсыз ақша жинамау жөнінде ата-аналар жиналысында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Р.Такебаев



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

07.02.2025 № 243

№

**Заңсыз ақша жинауға
тыйым салу туралы**

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 9-бабына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарының басшылары:

1) Ата-аналардан (заңды өкілдерден) мыналар: жөндеу жүргізуге, құрал-жабдықтар мен жиһаздарды сатып алуға, мектепті жинауға, педагогикалық ұжымға сыйлықтар беруге, білім беру ұйымдарын аттестациялауға, әртүрлі мерекелік іс-шараларға және басқа да мақсаттарға ақшаны жинауға үзілді-кесілді тыйым салынсын;

2) педагогикалық ұжым және ата-аналар комитетінің мүшелері арасында мектептің, сыныптың, мерекелік іс-шаралардың қажеттіліктері үшін заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;

3) заңсыз ақша жинауға жол берген директор орынбасарларына, есепшілеріне, сынып жетекшілеріне, мұғалімдеріне, әдіскерлеріне, тәрбиешілеріне шара қолданылсын;

4) білім беру ұйымдарында заңсыз ақша жинауға тыйым салу туралы бұйрық шығарылсын.

2. Осы бұйрық орындалмаған жағдайда, білім беру мекемелерінің басшыларына лауазымынан босатуға дейін қатаң тәртіптік шаралар қолданылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басшы

К. Сенгазиев